

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 2026 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2026 жылғы 30 маусымдағы № 105-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 2026 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актіні қабылдасын;

3) ай сайын, 30-ы күнінен кешіктірмей, тізбеге сәйкес құқықтық актілердің әзірленуі және қабылдануы туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген Конституциялық заңның іске асырылуы жөніндегі жиынтық ақпаратты талдап, қорытындыласын және ай сайын, 5-і күнінен кешіктірмей жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

Премьер-Министр

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 105-ө өкімімен
бекітілген

Қабылдануы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 2026 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Құқықтық актінің нысаны	Орындауға жауа пты мемлекеттік орган	Орындау мерзім і	Құқықтық актінің сапасына , уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6

1.	Қазақстан Республикасын ың аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қазақстан Республикасын ың Мәдениет және ақпарат министрлігі	2026 жылғы шілде	Р. Әли
2.	Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының	Қазақстан Республикасын ың Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығы	Қазақстан Республикасын ың Мәдениет және ақпарат министрлігі	2026 жылғы шілде	Р. Әли

	пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы				
--	--	--	--	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК